**2011 жылға жұмыссыздарға арналған қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы**

***Күшін жойған***

Қостанай облысы Денисов ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 9 наурыздағы № 70 қаулысы. Қостанай облысы Денисов ауданының Әділет басқармасында 2011 жылғы 6 сәуірде № 9-8-170 тіркелді. Күші жойылды - Қолданыстағы мерзімінің тоқтатылуымен байланысты Қостанай облысы Лисаков қаласының әкімінің 2012 жылғы 4 қаңтардағы № 07-09/2 хатымен

Ескерту. Күші жойылды - Қолданыстағы мерзімінің тоқтатылуымен байланысты Қостанай облысы Лисаков қаласының әкімінің 2012.01.04 № 07-09/2 хатымен.

Қазақстан Республикасының "Халықты жұмыспен қамту туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 7 бабы 5) тармақшасына, 20 бабына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңын 31 бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы № 836 " Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" қаулысымен бекітілген қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру және қаржыландыру Ережелерінің 6, 8 тармақтарына сәйкес әкімдік **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Денисов ауданы бойынша 2011 жылға жұмыссыздарға арналған ұйымдардың тізбесі, қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемдері және жағдайлары бекітілсін.

2. Қоғамдық жұмыстарға қатысатын жұмыссыздардың еңбек ақысы 2011 жылғы аудандық бюджет қаражаты есебінен белгіленген ең төменгі жалақының бір жарым мөлшерінде бекітілсін.

3. Мыналар:

1) қоғамдық жұмыстарды ұйымдастырған кезде, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдар, әлеуметтік салық және қосылған құн салығы аудандық бюджеттен өтеледі және жұмыс берушілердің есеп айырысу шоттарына аударылады;

2) шартпен белгіленген мөлшерлерде жалақыны аудару және төлеу бойынша екінші деңгейдегі банктердің қызметтеріне комиссиялық сыйақы төлеу шығындары жұмыс берушілердің есеп айырысу шоттарына аудандық бюджеттен төленетіндігі белгіленсін.

Ескерту. 3-тармаққа өзгерту енгізілді - Қостанай облысы Денисов ауданы әкімдігінің 2011.08.19 № 236 (алғаш рет ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

4. Тізбеде белгіленген ұйымдармен "Денисов ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі арасында қолданыстағы заңнамаға сәйкес жасалған, қоғамдық жұмыстарды орындауға арналған шартта көрсетілген талаптары бойынша қоғамдық жұмыстардың ұйымдастырылуы өткізілсін.

5. "Денисов ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі:

1) қоғамдық жұмыстарды орындауға жұмыс берушілермен шарттар жасау;

2) қоғамдық жұмыстарға қатысатын жұмыссыздардың есебін жүргізу;

3) жұмыссыздарды қоғамдық жұмыстарға жібергенде осы қаулыны басшылыққа алсын.

6. "Денисов ауданының қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі (Рахметова С.Ф. ) қоғамдық жұмыстарға қатысатын жұмыссызыдарға еңбекақысын төлеуге уақытылы қаржы бөлуді қамтамасыз етсін.

7. Қоғамдық жұмыстары жүргізілетін аумақтардағы селолық округтер мен село әкімдері қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру жағынан көмек көрсетсін.

8. Осы қаулының орындалуын бақылау Денисов ауданы әкімінің орынбасары М.Т. Мұратбековқа жүктелсін.

9. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Денисов ауданының әкімі В. Ионенко*

Әкімдіктің
2011 жылғы 9 наурыз
№ 70 қаулысымен бекітілген

## Денисов ауданы бойынша 2011 жылға жұмыссыздарға арналған қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемі мен жағдайлары, ұйымдардың тізбесі

| № | Ұйымның атауы | Жұмыстардың түрлері | Қоғамдық жұмыстардың көлемі | Қоғамдық жұмыстардың шарттары |
|---|---|---|---|---|
| | | Қызметкердің алдын ала кәсіби даярлығын талап етпейтін Перелески селосы аббаттандыру және аумақты жинауға | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 1 | "Денисов ауданы әкімдігінің және Денисов ауданың тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі "Дидар" мемлекеттік коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны | көмек көрсету, әлеуметтік-мәдениет бағыттағы объектілерін жөндеуге қатысу | 79850 шаршы метр | Қоғамдық жұмысқа қатысушының жұмыс уақытының ұзақтығы аптасына 40 сағаттан аспауға тиіс, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасымен қарастырылған екі демалыс күнмен, түскі ас үзілісі бір сағаттан кем емес шектеулерді ескерумен |
| | | Қызметкердің алдын ала кәсіби даярлығын талап етпейтін Антонов ауылын аббаттандыру және аумақты жинауға көмек көрсету, әлеуметтік-мәдениет бағыттағы объектілерін жөндеуге қатысу | 132980 шаршы метр | |
| | | Қызметкердің алдын ала кәсіби даярлығын талап етпейтін Свердлов ауылын аббаттандыру және аумақты жинауға көмек көрсету, әлеуметтік-мәдениет бағыттағы объектілерін жөндеуге қатысу | 47900 шаршы метр | |
| | | Қызметкердің алдын ала кәсіби даярлығын талап етпейтін Приреченка ауылын аббаттандыру және аумақты жинауға көмек көрсету, әлеуметтік-мәдениет бағыттағы объектілерін жөндеуге қатысу | 68500 шаршы метр | |
| | | Қызметкердің алдын ала кәсіби даярлығын талап етпейтін Крым ауылын аббаттандыру және аумақты жинауға көмек көрсету, әлеуметтік-мәдениет бағыттағы объектілерін жөндеуге қатысу | 107100 шаршы метр | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Қызметкердің алдын ала кәсіби даярлығын талап етпейтін Фрунзе ауылын аббаттандыру және аумақты жинауға көмек көрсету, әлеуметтік-мәдениет бағыттағы объектілерін жөндеуге қатысу | 1 0 2 3 4 0 шаршы метр | | |
| | | Қызметкердің алдын ала кәсіби даярлығын талап етпейтін Некрасов ауылын аббаттандыру және аумақты жинауға көмек көрсету, әлеуметтік-мәдениет бағыттағы объектілерін жөндеуге қатысу | 1 7 6 6 4 8 шаршы метр | | |
| | | Қызметкердің алдын ала кәсіби даярлығын талап етпейтін Зааятское ауылын аббаттандыру және аумақты жинауға көмек көрсету, әлеуметтік-мәдениет бағыттағы объектілерін жөндеуге қатысу | 2 5 2 0 0 шаршы метр | | |
| | | Қызметкердің алдын ала кәсіби даярлығын талап етпейтін Аршалы ауылын аббаттандыру және аумақты жинауға көмек көрсету, әлеуметтік-мәдениет бағыттағы объектілерін жөндеуге қатысу | 9 3 5 8 0 шаршы метр | | |
| | | Қызметкердің алдын ала кәсіби даярлығын талап етпейтін Әйет ауылын | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | аббаттандыру және аумақты жинауға көмек көрсету, әлеуметтік-мәдениет бағыттағы объектілерін жөндеуге қатысу | 2 7 1 0 0 шаршы метр | |
| | | Қызметкердің алдын ала кәсіби даярлығын талап етпейтін Комаровка ауылын аббаттандыру және аумақты жинауға көмек көрсету, әлеуметтік-мәдениет бағыттағы объектілерін жөндеуге қатысу | 1 8 3 3 0 0 шаршы метр | |
| | | Қызметкердің алдын ала кәсіби даярлығын талап етпейтін Покров ауылын аббаттандыру және аумақты жинауға көмек көрсету, әлеуметтік-мәдениет бағыттағы объектілерін жөндеуге қатысу | 1 0 5 3 6 0 шаршы метр | |
| | | Қызметкердің алдын ала кәсіби даярлығын талап етпейтін Глебовка ауылын аббаттандыру және аумақты жинауға көмек көрсету, әлеуметтік-мәдениет бағыттағы объектілерін жөндеуге қатысу | 2 3 1 1 4 0 шаршы метр | |
| | | Қызметкердің алдын ала кәсіби даярлығын талап етпейтін Денисов ауылын аббаттандыру және аумақты жинауға көмек көрсету, әлеуметтік-мәдениет бағыттағы | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | объектілерін жөндеуге қатысу | 1660759 шаршы метр | |
| 2 | Денисов ауданы әкімдігінің "Денисов ауданы білім беру бөлімі" ММ "№ 1 балабақша" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны | Қызметкердің алдын ала кәсіби даярлығын талап етпейтін № 1 балабақша аумағын аббаттандыру және жинауға көмек көрсету, жөндеуге қатысу | 18920 шаршы метр | Қоғамдық жұмысқа қатысушының жұмыс уақытының ұзақтығы аптасына 40 сағаттан аспауға тиіс, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасымен қарастырылған екі демалыс күнмен, түскі ас үзілісі бір сағаттан кем емес шектеулерді ескерумен |
| 3 | "№ 40 Ясли-бақша" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны | Қызметкердің алдын ала кәсіби даярлығын талап етпейтін ясли-бақша аумағын аббаттандыру және жинауға көмек көрсету, жөндеуге қатысу | 12746 шаршы метр | Қоғамдық жұмысқа қатысушының жұмыс уақытының ұзақтығы аптасына 40 сағаттан аспауға тиіс, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасымен қарастырылған екі демалыс күнмен, түскі ас үзілісі бір сағаттан кем емес шектеулерді ескерумен |
| 4 | "Денисов ауданы әкімдігінің "Денисов ауданының білім беру бөлімі" ММ "Солнечный" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны | Қызметкердің алдын ала кәсіби даярлығын талап етпейтін лагерь аумағын аббаттандыру және жинауға көмек көрсету, жөндеуге қатысу | 59407,6 шаршы метр | Қоғамдық жұмысқа қатысушының жұмыс уақытының ұзақтығы аптасына 40 сағаттан аспауға тиіс, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасымен қарастырылған екі демалыс күнмен, түскі ас үзілісі бір сағаттан кем емес шектеулерді ескерумен |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК